

«Н.Төреқұлов атындағы жалпы білім беретін мектеп»КММ-сі

**КӘСІПТІК БАҒДАР
БЕРУ БОЙЫНША
ДИАГНОСТИКАЛЫҚ
ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖҰМЫСТАР
НӘТИЖЕСІ**

4-сынып,9-11сыныптар (эссе,сауалнама)анықтамалар

2023-2024 оқу жылы

МЕКТЕПТІҢ КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

Жұмыстың бағыты мен түрлері.

Ұйымдастырушылық-әдістемелік қызмет төмендегі бағыттардан тұрады:

- жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарымен бірлесіп оқушыларды кәсіпке бағдарлау жұмысын жоспарлау;
- білім беру ұйымдарының басшылары, жергілікті жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган мамандары, ата-аналар, жеке кәсіпкерлерден құралған Қамқоршылық Кеңес құру;
- оқушылармен кәсіптік бағдарлау жұмысын жүргізетін үйлестірушілердің жұмысын ұйымдастыру;
- мұғалімдерге ақпараттар мен диагностикалық карталарды іріктеуге әдістемелік көмек көрсету.

Оқушылармен жұмыс:

- кәсіби диагностика түрінде жүргізілетін кәсіби бағдар бойынша кешенді қызмет, іс-шаралар, кәсіп таңдау бойынша сабақтар мен тренингтер;
- оқытудың бейінін таңдау бойынша кеңес беру (жеке, топтық);
- сауалнама алу;
- орта арнаулы оқу орындары (ТжКББ) мен жоғары оқу орындарына, кәсіпорындарға экскурсиялар ұйымдастыру және өткізу;
- орта арнаулы оқу орындары (ТжКББ) мен жоғары оқу орындары өкілдерімен кездесулер өткізу;

Ата-аналармен жұмыс:

- ата-аналар жиналысын өткізу (жалпымектептік, сыныптық);
- ата-аналар үшін лекторий ұйымдастыру;
- оқушылардың ата-аналарымен жеке әңгіме, сұхбат жүргізу;
- ата-аналар арасында сауалнама жүргізу;
- оқушылармен сұхбат жүргізуге ата-аналарды тарту, қатыстыру;
- ата-аналарды үйірмелер, спорт секциялары, өнер студиялары, оқушылар театры, т.б жетекшілерімен жұмысқа тарту, қатыстыру;
- жоғары сынып оқушыларының кәсіпорындарда кәсіби сынақтан өтуінде ата-аналардың көмек беруі;
- оқушылардың өзін-өзі анықтауына, болашақ кәсібін таңдауына педагогикалық көмек беруде мұғалімдермен ынтымақтасуға дайын белсенді ата-аналардың арасынан әр сыныптың ата-аналар комитетінен жасақталған мектептің ата-аналар комитетін сайлау.

Менің болашақ мамандығым...

Мақсаты:

1. Оқушыларға мамандық ұғымы, мамандық түрлері туралы ой – өрістерін кеңейту, мамандықтың адам өміріндегі маңызы, мамандық таңдау үлкен жауапкершілікті талап етілетіндігі туралы түсініктерін қалыптастыру;

2. Өз Отанына, еліне адал қызмет ететін, еліміздің болашағы үшін аянбай еңбек ететін азамат тәрбиелеу;

3. Өздерінің қызығушылықтары, икемділігі, бейімділігіне сай мамандық таңдау қабілеттерін дамыту;

1. Мамандық – біздің болашағымыз, адамның кішкене кезінен бергі арманы,

2. Дәрігер, мұғалім, прокурор, менеджер, кинолог, автомеханик т. с. с

3. Адам ең алдымен өзінің мамандығын сүюі керек.

4. Адамның тек қана ұнатып істейтін бір мамандығы болуы тиіс.

5. Техникалық мамандықтар

6. Мұғалім, дәрігер

7. Қоғамда болып жатқан өзгерістерге байланысты туындайды

8. Таңдаған мамандығым бойынша сапалы білім аламын.

Мамандықтың кез - келгенін игеруге ең басты адамның қызығушылығы, икемділігі қажет, кей адамдардың ойынша бұл жай күн көру секілді, бірақ ол теріс пікір, себебі маман иесі болу үлкен жауапкершілікті, өнерді, шеберлікті қажет ететін нәрсе. Жақсы маман иесі болу үшін ең алдымен таңдаған мамандығыңды сүюің керек, сол мамандықты барлық қырынан танып, сырын жете меңгерулерің керек. Өзінің икемділігі мен қабілетіне қарай маман болған адамның жұмысы да өнімді, берекелі болмақ.

Психолог – ол мейірімді, жайлы, кез – келген адамның жанын түсіне алатын, сонымен қатар оған ақыл – кеңес беретін адам. Қазіргі заман талабына сай психолог мамандығы – өте қажетті мамандық деп есептеймін. Себебі қазіргі кезеңде көптеген адамдарға моральдық жағынан көмек керек. Әсіресе оқушыларға емтихан кезінде немесе кез – келген қиындықтардан шығу жолдарына бағыт – бағдар береді. Психолог мамандығы топ арасында менің бөлмелесім Бинураға көбірек келеді. Себебі ол кез-келген уақытта біздерге өзінің ақылын айтып, тыныштандырады


Мұғалім – ол қай қоғамда болмасын өзінің мәнін жоғалтпайтын мамандық.

Мұғалімдік қызмет – аса үлкен білімділікті, жауапкершілікті, шеберлікті қажет етеді. Барлық маман иелері ең алдымен мұғалімнің алдынан өтеді. Сол себепті мен үшін маңызды мамандық.



Мамандық дегеніміз не?

- Білім алу, үйрену;
- Адамды материалдық жағынан қамтамасыз ететін іс-әрекет түрі;
- Адамның сол мамандыққа қабілетінің сай келуі, белгілі бір іскерліктердің болуы.




Мамандық дегеніміз – адамның белгілі бір қызмет атқаруына мүмкіндік беретін материалдық немесе рухани өндірісте алған білімі мен өмірлік дағдысының жиынтығы.


«Мамандық» сөзіне анықтама беру

Профессия-латын сөзінен шыққан,
«professio»-анықталған іс,мамандық
дегенді білдіреді.

**Мамандық-қарапайым өмір сүру көзі
болып табылатын және қандай да
бір дайындықты,жауапкершілікті талап
ететін еңбек қызметінің маңызды
бөлігі.**




Ісің оңсын десен,
сол істің маманы бол.
Данқын шықсын десен,
көпшіліктің адамы бол.



Әл-Фараби

Мамандық таңдау факторлары



Мамандық таңдау формуласы

ҚАЛАУЫ:

- Қызығушылығы, қабілеттілігі, арманы



Ең бастысы өзіңнің қалауыңды, мүмкіншіліктеріңді, қажеттіліктеріңді біріктіру

1. Дөңгелекті таңдасаңыз...

Сіз үшін тұлғаралық қарым-қатынастың рөлі зор. Өз ортаңызда өзіңізді бақытты сезінуді маңызды санайсыз. Өзгелердің қуанышын да, қайғысын да өз басыңыздағыдай қабылдайсыз. Кейде өз-өзіңізден үйлесімділік таппайсыз.

Сізге әртіс, маркетинг, мұғалім, тарихшы, мейрамхана иесі не үй қызметкері болу жарасады.

2. Шаршыны таңдаған болсаңыз...

Өте еңбекқор адамсыз. Бастаған істі орта жолда тастамайсыз. Төзімділік, жүйелілік, дәйектілік – жұмыстағы басты қасиеттеріңіз. Бірақ маңызды істерді шешерде ұсақ-түйекке шүйлігіп қаласыз. Миыңыздың сол жақ бөлігі жақсы жұмыс істейді, демек логикаңыз жақсы дамыған. Сол себепті жүректің емес, ақылдың айтқанына бағынасыз.

Сізге есепші, бағдарламашы, банк қызметі, дәрігер, инженер, жүргізуші мамандықтары дәл келеді.

3. Таңдауыңыз үшбұрыш болса...

Сіз өте жақсы менеджерсіз. Жаңа ақпаратты бірден қағып аласыз да, талдап, сараптап, жіпке тізіп шығасыз. Біліктілігіңіз бойыңызға сенімділік ұялатады. Барлығын дұрыс жасауға талпынасыз. Қателік шықса, мойындағыңыз келмейді. Биік мақсатқа жету үшін өзіңізге деен тым сенімділік пен шыдамсыздық кедергі келтіруі мүмкін.

Сәйкес келетін мамандықтар: архитектор, экономист, саясаткер, әскери қызмет, менеджер, қорғаушы, дизайнер.

4. Дөңгелекті таңдасаңыз...

Сіз өз өнеріңізді бағаламайсыз. Тіпті ештеңеге қабілетім жоқ деп ойлайсыз. Сондықтан өзіңізді іздегенде екі үстелге қатар отырғыңыз келеді, бұл мүмкін емес. Бұйырған кетпейді, осыны естен шығармаңыз. Жаныңыз сүйетін іспен айналысуда тәуекелге бел буыңыз.

Сіз үшін бөлім басшысы, кәсіпкер не аниматор болған дұрыс.

5. Тандауыңыз ирек пішінге түссе...

Сіз шығармашылық адамысыз. Өмірге әр қырынан қарайсыз, оның әрқайсынан ішкі сұлулықты көресіз. Қарқынды, сабырлы адамсыз. Бір орында отырып ұзақ жұмыс істей алмайсыз. Ең керемет, креативті идеяға байсыз. Оны жүзеге асыру үшін жүйелілік пен шыдамдылық жетіспейді.

Өзіңізді зерттеуші, дизайнер, өнертапқыш, музыкант, жазушы не суретшілер арасынан іздеп көріңіз.




1



2



3



4



5